

#ӘділеттіҚазақстан

Біз ұлт болып ұйыссақ,
кез келген қауіп-қатерді
еңсере аламыз. Мен
Президент ретінде
мемлекетіміздің
тұтастығын және
халқымыздың амандығын
сақтау үшін бәрін
жасаймын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ШАХМАТ



ДУБІРЛІ ДОДА

2

ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРІ



АЛМАТЫ АЛҒАН АСУЛАР

3

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ



ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРЫ

3

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

31.12.2022

Түнде:



-3-5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-
шашынсыз. Тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.
Таңертең тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

1.01.2023

Түнде:



-5-7 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.

Күндіз:



0-2 °C

Көшпелі бұлтты,
кей уақытта қар, тұман.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №157-158 (6293) 31 желтоқсан, сенбі, 2022 жыл.

ТӨРЛЕТ, 2023!

МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жаңа деген сөз жақсы! Күнтізбелік жылдың бірін жауып, жаңа бірін ашқалы тұрмыз. Жаңа жыл құшақ жайып тұр. Қазақта жаңа деген сөздің өзінде ерекше бір ыстық ықылас, шуақты мейірім бар. Жадыраған аспан мен жайнаған әлемнен әрқашан жақсылық күткен елміз. Ниетімізге қарай алдағы жылымыз бәрімізге құт-береке, бақ-дәулет пен жақсылықтарын ала келсін! Жаңа жыл құтты болсын!

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

КЕСТЕ ҚАЛЫПТЫ

Алматыда мереке күндері қоғамдық көліктер
қалай жұмыс істейді?



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыдағы қоғамдық көліктер 31 желтоқсан күні әдеттегідей сағат 06.00-ден бастап түнгі 23.00-ге дейін жұмыс істейді. Жаңа жылда, яғни 1 қаңтар күні жылжымалы бірліктің 50%-ы жолға шығарылады. Сондай-ақ, 2, 3 қаңтар күндері қоғамдық көлік мереке күнгі кестеге сай жұмыс істейді. Яғни автобустар мен троллейбустардың 70%-ы қызмет көрсететін болады. №3 түнгі маршруттың жұмыс кестесі сағат 23.00 мен 06.00 аралығында болып өзгеріссіз қалады. Медеуге қатынайтын №12 маршрут та түнгі сағат 00.30-ға дейін 20 автобус жүретін болады. Олар мереке күнінің кестесімен, 12-15 минуттық интервалмен қызмет көрсететін болады.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ МОБИЛЬДІЛІК БАСҚАРМАСЫ.

ҚЫСҚА...

- Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Парламент Сенатының отырысы өтті.
- 2023 жылдың басында Үкіметте кадрлық өзгерістер болады.
- Мемлекет басшысы Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығындағы Смарт-сыныптың жұмысымен танысты.
- Сенаторлар Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын тағайындады.
- Мәжіліс Жерді қорғау туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады.
- Үкімет отырысында 2023 жылға арналған жоспардың жобасы қаралды.
- Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны 22,1 млрд АҚШ долларын құрады.
- 2022 жылы құқыққа қарсы бағыттағы 4 мыңнан астам интернет-ресурстар анықталып, бұғатталды.

www.almaty-akshamy.kz





ШАХМАТ

ДУБІРЛІ ДОДА

Алматыда шахматтан әлем біріншілігі аяқталды

Алматыдағы Балұан Шолақ атындағы Спорт және мәдениет сарайында шахматтың рапид және блиц түрінен әлем чемпионатының жабылу салтанаты өтті.

Досбол
АТАЖАН

Салтанатты рәсімде Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев жарыс жеңімпаздарын құттықтап, халықаралық шахмат федерациясына алғыс айтты.

«Әлемдік доданы ұйымдастырғаны үшін ФИДЕ халықаралық шахмат федерациясына, Қазақстан шахмат федерациясына, сондай-ақ барлық серіктестерге үлкен алғысымды білдіремін. Барлық қатысушыларды, әсіресе, беделді халықаралық турнирдің жеңімпаздарын құттықтаймын! Біздің әдемі қаламызда әлем чемпионатының өтуі және оның әлемнің кіл мықтыларын жинайтын орталыққа айналуы біз үшін үлкен мәртебе. Алматы шахмат турнирлерін өткізу үшін тұрақты орынға айналады деп сенемін. Мен чемпионатты мұқият қадағалап, жанкүйерлердің қатарында болдым. Жаңа жыл қарсаңында баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік, амандық және жаңа биіктер тілеймін. Біздің қонақжай және әдемі қаламыз сіздердің жүректеріңізде қалатынына сенімдімін», – деді қала басшысы.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Айта кеткен жөн, жаһандық додаға 50 елдің үздік 290 шахматшысы қатысты. 26–28 желтоқсан аралығында рапид ойындары, 29–30 желтоқсан күндері блиц ойындары өтті. Сондай-ақ, жарыс күндері төрешілер корпусына арналған ФИДЕ семинарлары, балалар мен барлық әуесқойларға арналған бір мезгілде ойын сеанстары мен блицтер, IT саласындағы бағдарламашылар үшін жеке турнир ұйымдастырылды.

Рапидтен ерлер арасында жарыс фавориті норвегиялық Магнус Карлсен жеңіске

жетіп, төртінші рет чемпион болды. Ол бұған дейін 2014, 2015, 2019 жылдары жылдам шахматтан әлем чемпионы атанған.

«Мені тоқтататын адам шыққан кезде ғана мансабымды аяқтаймын. Жалпы, турнир деңгейі өте жоғары. Жеңіске жету оңай болған жоқ», – деп өз жеңісінен кейін пікір білдірді Магнус Карлсен.

Айтылған жарыс түрінен 2-орын 18 жастағы неміс гроссмейстері Винсент Кеймерге бұйырды. Ал 3-орынға америкалық шахматшы Фабиано Каруана жайғасты.

Әйелдер арасындағы жылдам шахматта отандасымыз Динара Сәдуақасова шебер өнер көрсетіп, әлем чемпионатының күміс жүлдесіне ие болды. ҚР Шахмат федерациясының атқарушы директоры Гүлмира Дәулетованың айтуынша, бұл – еліміз үшін өте жақсы нәтиже.

Бәріміз қуаныштымыз. Себебі, Қазақстан намысын қорғаған Динара Сәдуақасова жарыста екінші орын алды. Бұл – мемлекетіміз үшін үлкен жетістік. Динара бірінші ойын күні төрт рет тең нәтиже көрсетті. Бірақ одан кейінгі ойындарда бірқатар жеңістерге жетіп, нәтижесінде қытайлық Тан Чжунъимен ұпайы тең түсті. Жарыс ережесі бойынша ондай кезде шахматшылар тай-брейк ойнайды. Өкінішке орай, қытайлық қыз басым түсті. Дегенмен, бұл Динара үшін жақсы нәтиже, ол бұған дейін мұндай жүлделі орынға ие болмаған еді. Сондай-ақ, рапид жарысын Жансая Әбдімәлік 5-орында аяқтады. Ерлер арасында Қазыбек Нөгербек ең жоғары нәтижені көрсетті. Ол жарысты 38-орында аяқтады. 18 жастағы шахматшымыз өте жақсы ойнады. Жақында ғана ол 18 жасқа дейінгі жас санатында әлем чемпионы атанған. Осы жолы ересектер арасындағы жарыс екеніне карамай, өзін жақсы көрсете білді, – деді Г.Дәулетова.

Турнирдің ұйымдастырушылары ФИДЕ және Қазақстан шахмат федерациясы. Чемпионат Алматы қаласы әкімдігінің және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізілді.

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ЖАРҚЫН КҮН

«Alatau Aqparat» медиахолдингі 2022 жылдың қорытындысын шығарып, қызметкерлерін мерекемен құттықтады

Міне, 2022 жылды да аяқтадық. «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Alatau» газеттерінің басын біріктіріп отырған іргелі «Alatau Aqparat» медиахолдингі биылғы Барыс жылын түйіндеп, бір-бірімен ағайын-туыстай болып кеткен үлкен ұжымды есік қағып келіп қалған Жаңа жылмен құттықтады.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Әріптестеріне ізгі лебізін арнаған «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Төлеміс Құлмұхамедов биылғы жылдың ұжым үшін оңай тимегенін, бірақ жақсылықтар да молынан шуақ төккенін атап өтті.

– Баршамызға белгілі, биыл жыл басында талайдың көңіліне қаяу салған «Қаңтар оқиғасы» орын алды. Енді қайталанбасын деп тілейміз. Биыл аяулы досымыз, асыл азаматымыз – «Вечерний Almaty» газетіне жетекшілік жасаған Михаил Буренков өмірден озып кетті. Бірақ өмір жалғасып жатыр, өткенге салауат айта отырып, жақсылыққа толы сәттеріміздің де мол болғанын айтқым келеді. Бұл жылды белгілі тұлғалардың жаңа кітаптар сериясымен түйіндеп жатырмыз. Біздің медиахолдингке елге белгілі ағаларымыздың жиі келіп тұратыны, бір-бірімізге деген құрметіміздің биік деңгейде екендігі де мені қуантады. Келер жылы сол аяулы азаматтардың бірі – белгілі мәдениеттанушы-ғалым Мұрат Әуезов біздің журналистерге арнап шеберлік сабақта-

рын өткізеді. Аға буынның жас мамандарға айтары, берері мол деп білемін, – деді Төлеміс Бақтыбайұлы.

Өз көңілімізді өзіміз көтерейік, бір-бірімізге мерекелік көңіл күй сыйлайық деген мақсатпен, Жаңа жыл қарсаңында медиахолдинг ұйымдастырған кабинеттерді безендіру бәйгесіне қатысқан едік. Бөлмемізге шырша орнатып, оны түрлі-түсті ойыншықтармен безендірдік. Байқау нәтижесінде «Almaty aqshamy» журналистерінің бөлмесі үздік деп танылып, бас бәйгені иелендік. Сыйлыққа бір себет тәтті алып, балаша қуандық.

Ұжым мерекесінде Төлеміс Құлмұхамедов «Almaty aqshamy» газеті бас редакторының орынбасары Әнуарбек Әуелбек пен «Вечерний Almaty» газетінің жауапты хатшысы Әбдіжамал Сапарқұловты мерейлі жасымен құттықтап, иығына шапан жапты.

Мереке соңында қызыл дорбасы бар Аяз ата келіп, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің қызметкерлерінің өзіне арнаған тапқатарын, өлеңдерін тындап, сыйлықтарын берді.

Үлкен ұжымның қуанышы ортамысын деп тілейміз.

ТОСЫН СЫЙ

БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ!

Жаңа жыл мерекесін асыға күтетін балалар. Әсіресе, ауырып қалып, ауруханаға түскен балалар үшін аса маңызды. Осыны ескерген Алматы әкімдігі қалалық Балалар жедел жәрдем медициналық көмек көрсету орталығындағы 50 балаға жаңажылдық сыйлықтар ұсынып, кішкентай көңілдерді қуанытып тастады.



Балдырғандарды қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Иран Шәмтеков құттықтады. Ем алып жатқан балалар үшін қонақтардың келуі тосын сый болды. Балаларға сыйлықтар таратылып, тілектер айтылды. Емделушілердің көңіл күйі әп-сәтте көтеріліп қалғанын байқадық. Ал жақсы көңіл күй денсаулық кепілі екені сөзсіз.

«Үйге жақындарыңызға оралу үшін тезірек сауығып кетуді тілеймін. Сендерге зор денсаулық, қызықты жаңажылдық демалыс пен шынайы қуанышты сәттер тілеймін», – деген Иран Шәмтеков Жаңа жылды ауруханада қарсы алуы мүмкін балаларды қолдады және медицина қызметкерлеріне атқарып жатқан жұмысы үшін алғыс айтып, алдағы мерекелерімен құттықтады.

«Балаларды Жаңа жылмен құттықтау және олар үшін мереке ұйымдастыру – біздің жыл сайынғы дәстүріміз. Соңғы екі жыл пандемияның кесірінен мерекелеуден бас тартуға тура келді. Ал биыл балаларға жаңажылдық мереке сыйлады. Ауруханада 160-қа жуық бала емделіп жатыр. Осы жолы оларға мерекелік сезім сыйлағымыз келді. Балалар жедел жәрдем орталығында 13 клиникалық бөлімше бар. Әр бөлімшеде балалар үшін ерекше шоу-бағдарламасы бар ертеңгіліктер өтті», – дейді Балалар жедел жәрдем орталығының бас дәрігері Әлібек Смағұлов.

Жалпы, қаланың денсаулық саласы жылды сүйінші жаңалықпен түйіндеді. Кеше №7

қалалық клиникалық ауруханада операциялық бөлімшесі бар қабылдау бөлімі ашылды. Жаңа ғимарат шамамен 2000 шаршы метр аумақты қамтиды (ескі қабылдау бөлімінің аумағы 1264 ш.м. болған).

«Егер ескі қабылдау бөлімі тәулігіне 300 науқас қабылдап келген болса, қазір бұл көрсеткіш 500 адамға дейін өсті. Қабылдау бөлімінің қызметкерлері жылына 100 000 науқасқа тәулік бойы көмек көрсететін болады. Жаңа нысан әлемде қабылданған ең жоғары заманауи стандарттарға сай салынып, жабдықталған. Атап айтқанда, заманауи емдеу-диагностикалық құрал-жабдықтармен, оның ішінде КТ, рентген аппараты, ультрадыбыстық аппараттар, бейнефлюорогностоскоп, анестезия және тыныс алу аппараттарымен және т.б. жабдықталған. Одан бөлек, операциялық бөлмелер, жансақтау және қарқынды терапия бөлімшелері бар», – деді Иран Шәмтеков.

Жаңа қабылдау бөлімінің жедел травматология бөлімшесіне жеке кіреберіс бар, онда жол-көлік оқиғасы, өндірістегі жазатайым оқиғалар және т.б. салдарынан ауыр жарақат алған көптеген науқасқа бір уақытта білікті көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, мұнда автономды желдету жүйесі, бактерицидтік сүзгілер, операциялық бөлімшеге арналған тәуелсіз желдету жүйелері, жылыту және ауаны баптауы бар реанимация бөлмелері мен қарқынды терапия бөлімдері бар.

Нұр ЖАМАЛ.

«Almaty aqshamy» газетінің келесі нөмірі 2023 жылы 5 қаңтарда, бейсенбі күні шығады.



ЖЫЛ ЖЕТІСТІКТЕРІ

АЛМАТЫ АЛҒАН АСУЛАР

Тағы бір жыл аяқталды. Барыс жылында көңіл құлазытқан сәттер болды, жетістіктер де аз болған жоқ. Жалпы, бұл жыл еліміз үшін үлкен сынақ кезеңі болды.

Ұлт тағдыры, ұрпақ болашағы талқыға түскен тарихи сәтте Мемлекет басшысының батыл қадамдары, халықтың ынтымағы мен бірлігі көп ұзамай елімізді тұрақты өмірге қайта оралтты. Алматы да еңсесін тіктеп, қалыпты тіршілік ауанына түсті.

Қасіретті қаңтардағы қаралы күндерді айтпағанда, мегаполис үшін жалпы, Барыс жылы өнімді де нәтижелі болды. Қаңтар оқиғасынан кейін қала экономикасының өсу қарқыны екінші жартыжылдықтың басында қалпына келе бастады.

ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІН ЕСТІДІ

Қаланың қоғамдық және әлеуметтік өмірінің түрлі саласында көңіл қуантарлық жағымды жаңалықтар мен ауыз толтырып айтарлықтай қуанышты жетістіктер көбейді. Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының аясында шаһар басшысының қала тұрғындарымен кездесуі дәстүрге айналды.

Мегаполис әкімі Ерболат Досаев қала тұрғындарымен жиі кездесулер өткізіп, алматылықтардың талап-тілектеріне құлақ түрді. Нәтижесінде билік пен халықтың арасында өзара сенім қалыптасты, қаланың 8 ауданында өмір сапасын жақсартуға бағытталған жұмыстар қолға алынды. Біршамасы әкім тапсырмасынан кейін, дереу қолға алынып, тұрғындарды қуанышқа бөледі. Енді қаланың дамуына қатысты қысқаша тоқталсақ.

АЛМАТЫ ЖІӨ БОЙЫНША АЛДА

Бүгінде Алматыда инвестициялар тарту және кәсіпкерлікке қолайлы жағдайлар жасау бағытында дәйекті жұмыс жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде өнеркәсіп объектілерінің саны ұлғайып, инфрақұрылымды біртіндеп жаңғырту ісі алға жылжуда, сондай-ақ экономиканың негізгі салаларында жаңа жұмыс орындары құрылды. Мәселен, биыл қаламыздың экономикалық тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобалар іске асты.

Шаһардың ағымдағы жылғы 11 айының қорытындысы бойынша қысқа мерзімді экономикалық индикатор 6,2%-ға дейін жетіп, өңірлер арасында көшбасшылық позицияны қамтамасыз етті. Өндеуші өнеркәсіп еліміз бойынша өсу қарқыны жағынан 1-орынға ие бола отырып, өсу драйверіне



айналды. Қала экономикасының ең ірі саласы сауда, көтерме сауданың 6,0%-ға өсуі есебінен 5,6%-ға дейін өсті.

• Алматының индустриялық аймағында биыл 6 жоба іске қосылды.

ӨНЕРКӘСІП ДАМИ ТҮСТІ

Ағымдағы жылдың басынан бастап өндеу өнеркәсібі 14,8%-ға дейін өсті. Машина жасау 55,5%, жеңіл өнеркәсіп 28%, тамақ өнімдері 9,5% өсуі қамтамасыз етілді. Қараша айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы қаласындағы автомобиль шығаратын Great Wall Motors (ҚХР) зауытының іргетасын қалау рәсіміне қатысқанын айта кеткен жөн.

Соңғы 3 жылда машина жасаудың орташа жылдық өсімі 61,8%-ды құрады. Сонымен қатар, өндеу өнеркәсібіндегі машина жасау үлесі автомобиль өнеркәсібінің өсуі есебінен 40,8%-ға дейін өсті.

• Hyundai Trans Almaty зауыты іске қосылған сәттен бастап 67 мыңнан астам, оның ішінде 2022 жылы 33 мыңнан астам (33223) автомобиль жасалды. Ағымдағы жылдың басынан бастап Индустриялық аймақта 9 млрд теңге сомаға 6 жоба жүзеге асырылды. Сондай-ақ, ағымдағы жылы инвестиция көлемі 1,4 млрд теңгені құрайтын 220 жаңа жұмыс орны құрылып, 3 шағын өнеркәсіп паркі іске қосылды.

Экономиканы қалпына келтірудің жоғары қарқыны салық түсімдерінің өсуін қамтамасыз етті. Салықтар түсімі 42,1%, яғни 3581,2 млрд теңгеге өсті. Оның ішінде Шағын және орта

бизнес субъектілерінен түскен түсімдер – 49%-ға (1661,7 млрд теңге) өсті.

ТУРИЗМ: АБСОЛЮТТІ КӨШБАСШЫ

Алматы сырттан келуші шетелдік туристердің саны бойынша абсолютті көшбасшы. Бүгінде елімізге келген әрбір екінші шетелдік турист Алматыға соқпай кетпейді. Биыл да Алматыда туристік ағынның қарқынды өсуі байқалды. Ағымдағы жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша шетелдік туристер саны 2,8 есеге, 270,1 мың адамға дейін, ішкі туристер саны 1,4 есеге, 1 млн адамға дейін өсті. 2022 жылы ұзындығы шамамен 150 км болатын 12 тау маршруттары мен 3 кемпинг-аймақтарында («Лунная поляна», «Советов» шыны мен «Кимасар» шатқалында) абаттандыру жұмыстары аяқталды. Туризмді ілгерілету шеңберінде «VI Халықаралық қонақүй форумы», «AlmatyMountFest» 2022, «Gastrofest 2022» фестивалдері өткізілді.

2023 жылы «Медеуде» эко-глэмпингін және «Tenir Eco Hotel» эко-қонақ үйінің 2-ші кезеңін іске асыруды бастау жоспарлануда. Ұзындығы 150 шақырым 10-ға жуық таулы маршруттарды абаттандыру және маршруттарды кейіннен цифрландыра отырып, 3 кемпинг аймағын құруды мақсат етіп отырмыз. 2023 жылы шетелдік туристер саны 350 мың адамға дейін өседі деп күтілуде.

Әзірлеген

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

Барыс жылы мегаполис спортшыларының жеткен жетістігі баршылық. Олар байрақты бәсекелерде ел намысын асқақтатуға үлес қосты

Жансая ӘБДІМӘЛІК



Қажыр мен қайрат адам бойында болуға тиісті қасиет. Алайда, үнемі шыңдап, дамытып отырмасаңыз ол да қол бұлғайды. Сол себепті де, әрқашан алға ұмтылуды жөн санайтын

жандардың істері көпке үлгі болмақ. Әсіресе, жас кезде ғаламды ақылымен тамсандыру екінші бірінші қолынан келе бермейтін сарабал іс.

Біз спорт десе тек күрес, бокс, ережесіз жекпе-жек, футбол, волейбол сынды бірқатарын елестетеміз. Шын мәнінде, олай емес. Интеллектуалдық ойындар адам ой-қабілетінің жемісі. Соның ішінде шахмат ойындарының жөні бөлек. Сондай жандардың бірі – Жансая Әбдімәлік. Жансая бес жасында шахмат ойынының ережелерін үйренді, ал жеті жасынан шахмат мектебінде жаттықтырушы Николай Перегудовтың жетекшілігімен оқыды. 2007 жылы қаңтарда өз жасындағы қыздар арасында Қазақстан чемпионы атанса, 2008 жылы да 8 жасқа дейінгі әлем чемпионатында 10/11 нәтижемен жеңімпаз атанды. Ол 2011 жылы 12 жасқа дейінгілер арасында 8/9 ұпай жинап, әйелдер арасында халықаралық шебер атағын алды, қыздар арасында әлем чемпионы атанды. Ашық дереккөздерде оның жетістіктері жетерлік. Дәлірек, Азияның, халықаралық

Алматы талайдың шамын жақты. Көптеген дарындар осы шаһардан түлеп ұшты. Біреуге бақ болса, ендігіге болашаққа серпін берді. Сөйтіп, бұрын көпке беймәлім жандарды баршаға танытты. Осыған орай, жылды қорытындылай келе, үздіктер ныспысын айтып, сіңіріп жүрген елеулі еңбектерін беруді жөн санаймыз.

жарыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Биыл OSG Baden-Baden командасы сапында Германия Бундеслигасының чемпионы атанды.

Ол қазір қала өміріне белсенді араласып жүр. Қоғамдық жұмыстарда оның үлесі басым. Спортпен қатар, өзінің шахматтан мектебі бар. Бәлкім, болашақта сол сияқты алғырлар шығып қалар.

Дана ӨЛЕУЖАН



Қазақ қыздары өзінің мықтылығын дәлелдеп жүр. Оны ел ішінде ғана емес, халықаралық аренада дәлелдеп бағуда. Осындай еңбек спортшының өзін де, елдің абыройын көкке көтерері айқын.

Дана Бекенқызы қазақтан шыққан джи-

джитсу өнерімен айналысып жүрген жандардың бірегейі. Жуырда ғана Италияда бас жүлдені олжалады. Сонымен қатар, Дубай, Мадрид, Берлинде өнер көрсетті. Бірде жүлделі орындардан көрініп жүрді.

Арумыз біздің қаланың тумасы. «Егемен Қазақстан» дерегі бойынша Римде қаржыгер мамандығында білім алуда екен.

Данаға зор денсаулық пен мол бақыт тілейміз. Әрдайым қазақ қыздарына тән биязы қалып пен керек кезінде қайсар мінез қатар көрініп, ел намысын асқақтата бергей демекпіз!

Әли АХМЕДОВ

Кәдуілгі боксшы болуға күш-жігер керек екенін білеміз. Күшті ақылға жеңдіру оңай шаруа емес. Ақыл мен айла бірлескен жерде жеңіс туы көтеріледі.

Біздің отандастарымыз дүниежүзілік сайыстарда топ жаруда. Жас спортшылардың да үлесі зор. Сондай спортшының бірі – Әли Ахметов. Ол Алматының тумасы. Жастайынан боксқа құмар. Үнемі өз өзін шыңдап жүреді. Жас болса да АҚШ та елімізді танытуда. Бокс тек төбелестен тұрмасы анық.



Оған тактика қажет. Әлидің бойында осы аталған қасиеттердің бәрі табылады.

Жерлесіміз WBC тұжырымы бойынша орта салмақта жұдырықтасуда. Нәтижесі де тәп-тәуір. Дәп осындай қарқынынан тай-

майтын болса, әлемге танылған аңыз боксшы болып қалар. Ол үшін Мұхаммед Әли сияқты күндіз-түні тынбай жаттығу жасау ләзім. Өйтпесе, жеңісті жақындату мұн. Бұйырса, Әли аталған үдеден шығады деп ойлаймыз. Отандасымызға әр уақытта сәттілік серік болсын!

ТҮЙІН:

Біз жоғарыда ең үздік, ең қайсар әрі өзін әлемге танытқан спортшыларымызды арнайы мысалға алдық. Өйткені, айрықша жандардың ісі мен жасаған өнегесі қай кезең де болмасын көпке үлгі. Сондай-ақ, оларға қарап арттағы қарақөздеріміз бой түзері анық. Ел намысын байрақты додаларда өрге көтеретін патриоттар көп болғай!

Олжас ЖОЛДЫБ АЙ.



«Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округтерін құру туралы» Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы №64/1 қаулысы

«Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің және мәслихаттарының депутаттарын сайлау бойынша сайлау округтерін құру тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2022 жылғы 22 қарашадағы №110/604 қаулысына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Респуб­ликасы Конституциялық Заңының 14-бабының 6) тармағына, 21-бабының 4-тармағына, 22-бабының 1 және 2-1-тар­мақтарына сәйкес, Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Қосымшаға сәйкес Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округтері құрылсын.
- Осы қаулы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
- Осы қаулы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының, Алматы қаласы Мәслихатының, Алматы қаласы әкімі аппаратының назарына жеткізілсін.
- Осы қаулы «Almaty Aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттерінде, сондай-ақ Алматы қаласы аумақтық сайлау комис­сиясының интернет-ресурсында орналастырылсын.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Алматы қаласы
аумақтық сайлау комиссиясының
2022 жылғы 29 желтоқсандағы
№64/1 қаулысына қосымшасы

Алматы қаласы мәслихатының депутаттарын сайлау бойынша бірмандаттық аумақтық сайлау округтерінің тізбесі, шекаралары мен орталықтары

№1 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Дархан шағынауданы, Х.Алтай көшесі, 4 «№ 210 мектеп-лицей» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.
Шекаралары: Рысқұлов даңғылымен Солтүстік айналым көшесінің қиылысынан Солтүстік айналым көшесімен солтүстік бағытта Қарасу шағынауданының Бурундайсқа көшесіне дейін, Қарасу шағынауданының Бурундайсқа көшесімен батыс бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен солтүстік-батыс бағытта Дархан шағынауданының солтүстік шекарасымен қиылысқанға дейін, Дархан шағынауданының солтүстік шекарасынан батыс бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін, Үлкен Алматы өзенінің арнасы­мен оңтүстік бағытта Үлкен Алматы каналымен қиылысқанға дейін, Үлкен Алматы каналы­ның арнасымен батыс бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін, Қарасу-5 өзенінің арнасымен оңтүстік бағытта Шанырақ-1 шағынауданының Марқал көшесіндегі №46-шы үйге дейін, Шаны­рак-1 шағынауданының Марқал көшесіндегі №46-шы үйден батыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданының Рахимов көшесіне дейін, Рахимов көшесімен оңтүстік бағытта Шаны­рак-2 шағынауданының Тойшыбек батыр көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданының Тойшыбек батыр көшесімен батыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Малов көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Малов көшесімен оңтүстік бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Сырым батыр көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Сырым батыр көшесімен шығыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Рахи­мов көшесімен оңтүстік бағытта Шанырақ-1 шағынауданы Қарқара көшесіне дейін, Шаны­рак-1 шағынауданы Қарқара көшесімен шығыс бағытта Шанырақ-1 шағынауданы Әулие Ағаш көшесіне дейін, Шанырақ-1 шағынауданы Әулие Ағаш көшесімен оңтүстік бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесінің қиылысына дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесімен оңтүстік бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Сарыжаз көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Сарыжаз көшесімен шығыс бағытта Қарасу-5 өзені арнасымен оңтүстік бағытта Шанырақ-1 шағынауданы Жас Қазак көшесіндегі №55-ші үйге дейін, Шанырақ-1 шағынауданы Жас Қазак көшесіндегі №55-ші үйден батыс бағытта Айгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесіне дейін, Айгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесімен оңтүстік бағытта Айгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесі­не дейін, Айгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Самғау шағынауданы Ырсты көшесіне дейін, Самғау шағынауданы Ырсты көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен шығыс бағытта Сол­түстік айналым көшесіне дейін.

№2 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Төмирис шағынауданы, Центральная көшесі, 120, «№205 жалпы білім беру мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.
Шекаралары: Саин көшесімен және Райымбек даңғылының қиылысынан Саин кө­шесімен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылынан солтүстік бағытта Қарасу-2 өзені арнасымен Ақбұлақ шағынауданының Әбдірашұлы көшесіне дейін, Әбдірашұлы көшесімен солтүстік-батыс бағытта Ақбұлақ шағынауданы Томанов көшесін­дегі №18-ші үйге дейін, Ақбұлақ шағынауданы Томанов көшесіндегі №18-ші үйден сол­түстік бағытта Қарасу-2 өзенінің арнасына дейін, осы қиылыстан түзу солтүстік-шығыс бағытта Айгерім-2 шағынауданы Байтенов көшесіне дейін, Айгерім-2 шағынауданы Байте­нов көшесімен оңтүстік бағытта Айгерім-1 шағынауданы Майкопская көшесіндегі №36 Е үйге дейін, Айгерім-1 шағынауданы Майкопская көшесіндегі №36 Е үйден батыс бағытта Айгерім-1 шағынауданы Нәби көшесіне дейін, Айгерім-1 шағынауданы Нәби көшесімен оңтүстік бағытта Айгерім-1 шағынауданы Сағи Әшімов көшесіне дейін, Айгерім-1 шағы­науданы Сағи Әшімов көшесімен оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен оңтүстік-шығыс бағытта Самғау шағынауданы Ырсты көшесіне дейін, Самғау шағынауданы Азаттық көшесіне дейін, Самғау шағынауданы Азаттық көшесімен солтүстік-батыс бағытта Айгерім-1 шағынауданының МТФ-1 көшесіне дейін, Айгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көші­мен солтүстік бағытта Қарасу-5 өзенінің арнасына дейін, Қарасу-5 өзені арнасымен Шаны­рак-2 шағынауданының Рахимов көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесімен солтүстік бағытта Шанырақ-2 шағынауданы Искаков көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Искаков көшесімен солтүстік бағытта Шанырақ-1 шағынауданының Әулие Ағаш көшесіне дейін, Шанырақ-1 шағынауданы Әулие Ағаш көшесімен солтүстік бағытта Шанырақ-1 шағынауданы Қарқара көшесіне дейін, Шанырақ-1 шағынауданының Қарқара көшесімен солтүстік-батыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданының Рахимов көшесі­не дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Рахимов көшесімен солтүстік бағытта Шанырақ-2 ша­ғынауданының Сарыжаз көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Сарыжаз көшесімен батыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданының Малов көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағына­уданы Малов көшесімен солтүстік бағытта Шанырақ-2 шағынауданының Тойшыбек батыр көшесіне дейін, Шанырақ-2 шағынауданы Тойшыбек батыр көшесімен шығыс бағытта Шанырақ-2 шағынауданының Рахимов көшесіне дейін, Рахимов көшесімен солтүстік бағыт­та Рахимов көшесіндегі №174/1 үйіне дейін, осы үйден шығыс бағытта Шанырақ-1 шағы­науданының Марқал көшесіне дейін, Шанырақ-1 шағынауданы Марқал көшесімен солтүстік-батыс бағытта Қарасу-5 өзеніне дейін, Қарасу-5 өзенімен солтүстік бағытта Үлкен Алматы каналына дейін, Үлкен Алматы каналы арнасымен шығыс бағытта Үлкен Алматы өзеніне дейін, Үлкен Алматы өзені арнасымен солтүстік-шығыс бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен солтүстік-батыс бағытта Боралдай шағынауданының Жаужүрек көшесіне дейін, Боралдай шағынауданы Жаужүрек көшесімен батыс бағытта қала шекара­сына дейін, қала шекарасымен оңтүстік-батыс бағытта Үлкен Алматы каналына дейін, Үл­кен Алматы каналы арнасымен шығыс бағытта Мәдениет шағынауданының Байдиылбаев көшесіне дейін, осы жердің қиылысынан оңтүстік бағытта Мөңке би көшесіне дейін, Мөңке би көшесімен солтүстік-шығыс бағытта Боралдай өзеніне дейін, Боралдай өзенінің арнасы­мен Айгерім-2 шағынауданының Шұғыла көшесіне дейін, осы жерден батыс бағытта Дара­боз шағынауданындағы №81-ші үйге дейін, Дарабоз шағынауданы №81-ші үйден оңтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауданының Серғазин көшесімен Ақбұлақ шағынауданы Байтереков көшесіндегі №117-ші үйге дейін, Ақбұлақ шағынауданы Байтереков көшесіндегі №117-ші үйден батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін, Момышұлы көшесімен оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен шығыс бағытта Мұқаев көшесіне дейін, Ақбұлақ шағынауданы Мұқаев көшесімен оңтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауданы Батыр Баян көшесіндегі №24-ші үйге дейін, Ақбұлақ шағынауданы Батыр Баян көшесіндегі №24-ші үйден батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін, Момышұ­лы көшесімен оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін, Райымбек даңғылымен шығыс бағытта Саин көшесіне дейін.

№3 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Ботақоз шағынауданы, 2, «№209 мектеп-гимназия-сы» мемлекеттік коммуналдық мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылымен Момышұлы көшесінің қиылысынан солтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауданының Талдыарал көшесіне дейін, осы жерден шығыс бағытта Ақбұлақ шағынауданының Мұқаев көшесіне дейін, Ақбұлақ шағынауданы Мұқаев көшесі­мен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін, Рысқұлов даңғылымен батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін, Момышұлы көшесімен солтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауда­нының Байтереков көшесіндегі №117-ші үйге дейін, Ақбұлақ шағынауданы Байтереков көшесіндегі №117-ші үйден шығыс бағытта Ақбұлақ шағынауданындағы Серғазин көшесі­не дейін, Серғазин көшесімен солтүстік бағытта Дарабоз шағынауданындағы №81-ші үйге

дейін, Дарабоз шағынауданы №81-ші үйден шығыс бағытта Боралдай өзеніне дейін, Борал­дай өзенімен солтүстік бағытта Мөңке би көшесіне дейін, Мөңке би көшесімен батыс ба­ғытта Момышұлы көшесіне дейін, осы жердің қиылысынан солтүстік бағытта Үлкен Алма­ты каналына дейін, Үлкен Алматы каналы арнасымен батыс бағытта қала шекарасына дейін, қала шекарасымен оңтүстік-шығыс бағытта Райымбек даңғылымен қиылысқанға дейін, Райымбек даңғылымен шығыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін.

№4 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Қағанбай батыр көшесі, 128, «Лияс Есенберлин атындағы №25 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылынан Нұрсұлтан Назарбаев даңғылының батыс жа­ғымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағыт­та Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің солтүстік жағымен батысқа карай Мұқанов көшесіне дейін; Мұқанов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің оңтүстік жағымен шығысқа карай Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Әді Шәріпов көшесіне дейін; Әді Шәріпов көшесінің шығыс жағымен солтүстікке карай Гоголь көшесіне дейін; Гоголь кө­шесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Нұрсұлтан Назарбаев даңғылына дейін.

№5 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 260/25, «№124 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылынан Мұратбаев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Гоголь көшесіне дейін; Гоголь көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Әді Шәріпов көшесіне дейін; Әді Шәріпов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Әйтеке би көшесіне дейін; Әйтеке би көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Мұратбаев кө­шесіне дейін; Мұратбаев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Төле би көшесіне дейін; Төле би көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Мұқанов көшесіне дейін; Мұ­қанов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Құрманғазы көшесіне дейін; Құрманғазы көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін; Мұратбаев кө­шесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының сол­түстік жағымен батыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Шәкәрім көшесіне дейін; Шәкәрім көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Қарасай батыр көшесіне дейін; Қарасай батыр көшесінің оңтүстік жағы­мен шығыс бағытта Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің шығыс жағымен сол­түстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шы­ғыс бағытта Мұратбаев көшесіне дейін.

№6 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Тұрғыт Озал көшесі, 45 «Ш.Смаханұлы атындағы №62 гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылынан Ислам Каримов көшесінің батыс жағымен оң­түстік бағытта Дүйсенов көшесіне дейін; Дүйсенов көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Розыбакиев көшесіне дейін; Розыбакиев көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағыт­та Қарасай батыр көшесіне дейін; Қарасай батыр көшесінің солтүстік жағымен батыс бағыт­та Ислам Каримов көшесіне дейін; Ислам Каримов көшесінің батыс жағымен оңтүстік ба­ғытта Шәкәрім көшесіне дейін; Шәкәрім көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Тұрғыт Озал көшесіне дейін; Тұрғыт Озал көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; Үлкен Алматы өзенінің шығыс арнасымен оңтүстік бағытта Ра­йымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Саин көшесіне дейін; Саин көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының шығыс жағымен солтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауданының Әбдірашұлы көшесіне дейін; Ақбұлақ шағынауданындағы Әбдірашұлы көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытта Байтенов Ноия көшесіне дейін; Байтенов Ноия көшесінің оң­түстік жағымен шығыс бағытта Айгерім-1 шағынауданындағы Нәби көшесіне дейін; Ай­герім-1 шағын ауданындағы Нәби көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Айгерім-1 шағын ауданының Сағи Әшімов көшесіне дейін; Айгерім-1 шағын ауданындағы Сағи Әші­мов көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылының оңтүстік жағымен №228 үйді қоспағанда шығыс бағытта Кудерин көшесіне дейін; Кудерин көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының солтүстік жағымен батыс бағытта Ислам Каримов көшесіне дейін.

№7 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, «Ақсай-2» шағынауданы, 33 үй, «№42 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылы және Саин көшесінің қиылысынан оңтүстік бағыт­та; батыс жағы бойынша Саин көшесінен Ұлықбек көшесіне дейін. Ұлықбек көшесінің солтүстік жағы бойынша батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін. Момышұлы көшесінің батыс жағы бойынша оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; №203 сайлау учаскесінің тұрғын үйлерін қоса алғанда. Абай даңғылының оңтүстік жағы бойынша шығыс бағытта Саин көшесіне дейін. Саин көшесінің шығыс жағымен оңтүстік бағытта Шәліалин көшесіне дейін. Шәліалин көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Қарғалы өзеніне дейін; №209;210;554 сайлау учаскелерінің тұрғын үйлерін қоспағанда. Қарғалы өзенінің шығыс жағалауымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін. Райымбек даңғылының оң­түстік жағымен шығыс бағытта Саин көшесінің қиылысына дейін.

№8 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, 5 шағынауданы, 8 Б үй, «№27 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Райымбек даңғылы және Саин көшесінің қиылысынан оңтүстік бағыт­та Саин көшесінің шығыс жағымен Ұлықбек көшесіне дейін; Ұлықбек көшесінен батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін; Момышұлы көшесінің шығыс жағымен оңтүстік ба­ғытта Абай даңғылына дейін; № 203 сайлау учаскесінің тұрғын үйлерін қоспағанда; Абай даңғылының оңтүстік жағымен батыс бағытта Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; №150 сайлау учаскесінің тұрғын үйлерін қоса есептегенде; Үлкен Алматы өзені арнасының батыс жағымен солтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен батыс бағытта Саин көшесінің қиылысына дейін.

№9 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, 6 шағынауданы, 51 үй, «№113 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Абай даңғылы және Саин көшесінің қиылысынан шығыс бағытта Абай даңғылының оңтүстік жағымен Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; №150 сайлау учас­кесінің тұрғын үйлерін қоспағанда; Үлкен Алматы өзенінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Бақтыбаев көшесіне дейін; Тоқтабаев көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Науан көшесіне дейін; Бұдан әрі Науан көшесінің батыс жағынан оңтүстік бағытқа бұрылып; Рысқұлбеков көшесіне дейін; Содан соң Рысқұлбеков көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта Саин көшесіне дейін; Саин көшесінің шығыс жағымен солтүстік бағытқа карай Абай даңғылының қиылысына дейін.

№10 Сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, «Қарағайлы» шағынауданы, Қали Нұлыров көшесі, 50 үй, «№ 192 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Ақсай-Қарғалы каналы арнасынан Абай даңғылымен шығыс бағыт­та Қарғалы өзенінің арнасына дейін; Қарғалы өзенінің арнасының батыс жағымен оңтүстік бағытта Шәліалин көшесіне дейін; Шәліалин көшесінің оңтүстік жағымен шығыс бағытта Мамыр-1; Мамыр-2 шағынауданы қоса алғанда; Саин көшесіне дейін; Саин көшесінің батыс жағымен оңтүстік бағытта Асқаров көшесіне дейін; Асқаров көшесінің солтүстік жағымен батыс және оңтүстік бағытта «Қарғалы» шағынауданының Кенесары хан көшесіне

дейін; «Қарғалы» шағынауданының Кенесары хан көшесінің батыс жағымен; «Қарғалы» шағынауданының Редью көшесіне аудан шекарасына дейін; аудан шекарасы бойынша батыс және оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін; Жандосов көшесінің оңтүстік жағымен Ақсай-Қарғалы каналы арнасына дейін; Ақсай-Қарғалы каналы арнасының шығыс жағы­мен; солтүстік бағытта Абай даңғылына дейін.

№11 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, «Шұғылы» шағынауданы, 347/2 үй; Наурызбай ау­данының әкімшілік кешенінің ғимараты.
Шекаралары: қала шекарасынан Райымбек даңғылының оңтүстік жағымен шығыс бағытта Қарғалы өзенінің арнасына дейін; Қарғалы өзені арнасының батыс жағалауымен оңтүстік бағытта Абай даңғылына дейін; Абай даңғылының солтүстік жағымен батыс ба­ғытта Ақсай-Қарғалы каналының арнасына дейін; Ақсай-Қарғалы каналының арнасының батыс жағымен оңтүстік бағытта Жандосов көшесіне дейін; Жандосов көшесінің солтүстік жағымен батыс бағытта қала шекарасына дейін; қала шекарасының шығыс жағымен сол­түстік бағытта Райымбек даңғылына дейін.

№12 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Көктем-3 шағынауданы, 23, «№51 мектеп-гимна­зия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Шекаралары: Клочков көшесінен бастап Абай даңғылының бойымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Ахмет Байтұрсынұлы көшесіне дейін; Ахмет Байтұрсынұлы көшесінің бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Сәтбаев көшесіне дейін; Сәтбаев көшесінің бойы­мен батысқа карай (солтүстік жағы) Шағабүтдинов көшесіне дейін; Шағабүтдинов кө­шесінің бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Марков көшесіне дейін; Марков көшесінің бойымен оңтүстік-шығысқа карай (оңтүстік-батыс жағы) Марков көшесіндегі №13 үйді қоспай Ғабдуллин көшесіне дейін; Ғабдуллин көшесінің бойымен оңтүстік-батысқа карай (солтүстік-батыс жағы) «Көктем-1» шағын ауданындағы №46 Б үй аумағының шығыс шека­расына дейін; «Көктем-1» шағынауданындағы №46 Б; №50А; №50; 1Б үйлер аумағының шығыс шекарасы бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Көктем-1 шағынауданындағы №1 А үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Көктем-1 шағынауданындағы №1 Б; №1 А; №1; №3 А үйлер аумағының оңтүстік шекарасы бойымен Тимирязев көшесіне дейін; Тими­рязев көшесінің бойымен батысқа карай (солтүстік жағы) Есентай (Весновка) өзен арнасы­на дейін; Есентай өзен арнасының бойымен оңтүстік-шығысқа карай (оңтүстік-батыс жағы) Әл-Фараби даңғылына дейін; Әл-Фараби даңғылы бойымен оңтүстік-батысқа карай (сол­түстік-батыс жағы) Мелеу ауданы аумағының батыс шекарасына дейін; Мелеу ауданы аума­ғының батыс шекарасы бойымен оңтүстік-шығысқа карай (оңтүстік-батыс жағы) «Дружба-Спорт» бау-бақша серіктестігінің солтүстік шекарасына дейін; «Дружба-спорт» бау-бақша серіктестігінің солтүстік шекарасы бойымен «Ерменсай» шағынауданы; «Таң» бау-бақша серіктестігі «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» МКҚК-ның шығыс шекарасына дейін; «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» МКҚК аума­ғының шығысымен; одан әрі оңтүстік шекарасымен батысқа карай (солтүстік жағы) Әл-Фараби даңғылына дейін; Әл-Фараби даңғылы бойымен оңтүстік-батысқа карай (солтүстік-батыс жағы) Үлкен Алматы өзенінің арнасына дейін; Үлкен Алматы өзенінің арнасымен солтүстік-батысқа карай (солтүстік-шығыс жағы) Кекілібайұлы көшесі №129/3 үй аумағы­ның солтүстік шекарасына дейін; Кекілібайұлы көшесі №129/3; № 129/1; 129/2 үйлер аума­ғының солтүстік шекарасы бойымен; Тәжібаева Патшайым көшесі №155; ары карай Берез­овский көшесінің бойымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Радостовец көшесіне дейін; Радостовец көшесінің бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Сұлтанбек Қожанов көшесіне дейін; Сұлтанбек Қожанов көшесінің бойымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Гагарин даңғылына дейін; Гагарин даңғылы бойымен солтүстікке карай (шығыс жағы) Си Синхай көшесіне дейін; Гагарин даңғылындағы №223; №215А; №215 үйлердің шекара аумағын қоса; Сеченов көшесінің №30 үйін; Байқадамов көшесінің №10 үйін; Радостовец көшесінің №281; № 283; № 285; № 287 үйлерін және Күлешов көшесінің №8; №6; №4; №2 үйлерін қоса алғанда; Си-Синхай көшесінің бойымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Березовая аллеясына дейін; Березовая аллеясы бойымен оңтүстікке карай (шығыс жағы); одан әрі шығысқа карай (солтүстік жағы) Ботаническaлық бақ шағынауданы аумағының батыс шекарасына дейін; Ботаникалық бақ шағынауданы аумағының батыс шекарасы бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Академқалашықтың аумақтық солтүстік шекарасына дейін; Академқала­шықтың аумақтық солтүстік шекарасымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Әл-Фараби даңғылына дейін; Әл-Фараби даңғылының бойымен солтүстік-шығысқа карай (оңтүстік-шығыс жағы) Керенқұлақ өзенінің арнасына дейін; Керенқұлақ өзенінің арнасымен сол­түстікке карай (шығыс жағы) Әл-Фараби даңғылындағы №71/8; №71/7; №71/6; №71/4; №71/3; №71/2; №71/17 үй шекараларын қоспағнда Тимирязев көшесіне дейін; Тимирязев көшесінің бойымен батысқа карай (солтүстік жағы) Манас көшесіне дейін; Манас көшесінің бойымен солтүстікке карай (шығыс жағы) Ғабдуллин көшесіне дейін; Ғабдуллин көшесінің бойымен батысқа карай (солтүстік жағы) Клочков көшесіне дейін; Клочков көшесінің бойы­мен солтүстікке карай (шығыс жағы) Бұқар жаруа бульвары № 75/3 үй аумағының оңтүстік шекарасына дейін; Бұқар жаруа бульвары № 75/3 үй аумағының оңтүстік шекарасымен батысқа карай (солтүстік жағы) Жандосов көшесі № 36 үй аумағының батыс шекарасына дейін; Жандосов көшесі №36 үй аумағының батыс шекарасымен солтүстікке карай (шығыс жағы) Жандосов көшесіне дейін; Жандосов көшесінің бойымен батысқа карай (солтүстік жағы) Жароков көшесіне дейін; Жароков көшесінің бойымен солтүстікке карай (шығыс жағы) Жароков көшесі №169 үй аумағының шекарасын қоса алғанда Сәтбаев көшесіне дейін; Сәтбаев көшесінің бойымен шығысқа карай (оңтүстік жағы) Клочков көшесіне дейін; Клочков көшесінің бойымен солтүстікке карай (шығыс жағы) Абай даңғылына дейін.

№13 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 135А, «№94 мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
Шекаралары: Үлкен Алматы өзенінің арнасынан бастап Абай даңғылының бойымен солтүстік-шығысқа карай (оңтүстік-батыс жағы) Клочков көшесіне дейін; Клочков кө­шесінің бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Сәтбаев көшесіне дейін; Сәтбаев көшесінің бойымен батысқа карай (солтүстік жағы) Жароков көшесіне дейін; Жароков көшесінің бойымен оңтүстікке карай (батыс жағы) Жароков көшесінің бойындағы №169 үйдін аумақтық шекарасын қоспай Жандосов көшесіне дейін; Жандосов көшес

«Алатау-2» бау-бақша серіктестігінің батыс шекарасына дейін; «Алатау-2» бау-бақша серіктестігінің батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) «Нұр Алатау» шағынауданының Квартал В көшесіндегі №9 үйдің оңтүстік аумақтық шекарасына дейін; «Нұр-Алатау» шағынауданының Квартал В көшесіндегі №9; №8; №7; №5; №4 үйлердің оңтүстік аумақтық шекарасының бойымен; Алатау-2 бау-бақша серіктестігінің №15; №11 үйлерінен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) «Ерменсай» шағынауданының батыс шекарасына дейін; «Ерменсай» шағынауданының батыс шекарасы бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) «Энергетик» бау-бақша серіктестігінің оңтүстік-шығыс аумақтық шекарасына дейін; «Энергетик» бау-бақша серіктестігінің оңтүстік-шығыс аумақтық шекарасы бойымен және «Дзержинский» бау-бақша серіктестігінің оңтүстік-шығыс аумағынан оңтүстік-шығысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) «Нұр Алатау» шағынауданының солтүстік-шығыс аумақтық шекарасына дейін; «Нұр Алатау» шағынауданының солтүстік-шығыс аумақтық шекарасы бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) «Нефтяник» бау-бақша серіктестігінің қосып; қаланың шекарасына дейін; қала шекарасы бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) «Көкшоқы» шағынауданының батыс шекарасына дейін; «Көкшоқы»; «Хан-Тентгір»; «Архат» шағынаудандарының батыс шекарасы бойымен; «Қарғалы» шағынауданының Кенесары хан көшесіндегі №141 үйдің солтүстік аумақтық шекарасына дейін; «Қарғалы» шағынауданының Кенесары хан көшесіндегі №141 үйдің солтүстік аумақтық шекарасы бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) «Рахат» шағынауданындағы Асқаров көшесіне дейін; «Рахат» шағынауданындағы Асқаров көшесі бойымен солтүстікке (шығыс жағы); әрі шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Саин көшесіне дейін; Саин көшесі бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Қайрат Рысқұлбеков көшесіне дейін.

№15 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Қульджинский тракті, 2, «Halyk Arena» мұз сарайы» көпсалалы кешені.

Шекаралары: Жетysуcкaя көшесінен Райымбек даңғылының бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзені арнасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Үлкен Алматы каналына дейін; Үлкен Алматы каналының бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Қульджинский трактісіне дейін; Қульджинский трактісінің бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Бұхтарминская көшесіне дейін; Бұхтарминская көшесі тұстамасының бойымен оңтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-батыс жағы) Үлкен Алматы каналына дейін; Үлкен Алматы каналының бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Бесаяғар селосының батыс шекарасына дейін; Бесаяғар селосының батыс шекарасының бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Талғар трактісіне дейін; Талғар трактісінің бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) қала шекарасына дейін; қала шекарасының бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) «Широкая Щель» бау-бақша серіктесігін қосып; «Сұлусай» шағынауданы аумағының оңтүстік-шығыс шекарасына дейін; «Сұлусай» шағынауданы аумағының оңтүстік-шығыс шекарасының бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) «Көлсай» шағынауданы аумағының батыс шекарасына дейін; «Көлсай» шағынауданы аумағының батыс шекарасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Әбілғазы (Солоновка) өзенінің арнасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) «Көлсай» шағынауданының солтүстік шекарасына дейін; «Көлсай» шағынауданының солтүстік шекарасының бойымен «Широкая Щель» бау-бақша серіктесігі аумағының батыс шекарасына дейін; «Широкая Щель» бау-бақша серіктесігі батыс шекарасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) «Көктөбе-1» бау-бақша серіктестігінің аумағын қоспай; Төле би көшесінің батыс жағы жол айрығының тұстамасына дейін; Төле би көшесінен Шығыс айналма жолының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Орманов көшесіне дейін; Орманов көшесінің бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Орманов көшесіндегі барлық үйді қосып; Әбілғазы (Солоновка) өзенінің арнасына дейін; Әбілғазы (Солоновка) өзені арнасының бойымен оңтүстік-батысқа қарай (солтүстік-батыс жағы) Бөгенбай батыр көшесіне дейін; Бөгенбай батыр көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесіне дейін; Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзені арнасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Гоголь көшесіне дейін; Гоголь көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ғафу Қайырбеков көшесіне дейін; Ғафу Қайырбеков көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесіне дейін; Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Мақатаев көшесіне дейін. Мақатаев көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Жетysуcкaя көшесіне дейін; Жетysуcкaя көшесінің бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Алатау шағынауданының аумағын қосып; Райымбек даңғылына дейін.

№16 сайлау округі
Орталығы: Алматы қаласы, Л.Чайкина көшесі; 12А; «Алматы қаласы Қоғамдық Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жоғары медициналық колледж» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Шекаралары: Назарбаев даңғылынан Райымбек даңғылының бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Жетysуcкaя көшесіне дейін; Жетysуcкaя көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Мақатаев көшесіне дейін; Мақатаев көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесіне дейін; Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Жібек жолы даңғылына дейін; Жібек жолы даңғылының бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Ғафу Қайырбеков көшесіне дейін; Ғафу Қайырбеков көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Гоголь көшесіне дейін; Гоголь көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Кіші Алматы өзенінің арнасына дейін; Кіші Алматы өзені арнасының бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Қазыбек би көшесіне дейін; Қазыбек би көшесінің бойымен батысқа қарай (солтүстік жағы) Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесіне дейін; Ришат және Мүслим Абдуллиндер көшесінің бойымен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Бөгенбай батыр көшесіне дейін; Бөгенбай батыр көшесінің бойымен шығысқа қарай (оңтүстік жағы) Көктөбе тауының солтүстік-батыс жағына дейін; Көктөбе тауының солтүстік-батыс жағымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) «Көктөбе» шағынауданындағы Роза Бағланова көшесінің бойымен Әбілғазы (Солоновка) өзенінің арнасына дейін; Әбілғазы (Солоновка) өзені арнасының бойымен солтүстікке қарай (шығыс жағы) Орманов көшесіне дейін; Орманов көшесінің бойымен солтүстік-шығысқа қарай (оңтүстік-шығыс жағы) Орманов

